

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ IV Жыл сайынғы Жылдық есептер конкурсының Лауреаты болды

15 желтоқсан

2014ж.

«Жылдық есеп: көсбасшылар тәжірибесі және жаңа стандарттар» атты II Практикалық конференцияны жүргізу шеңберінде «Эксперт РА Қазақстан» (RAEX) рейтингтік агенттігі IV Жылдық есептер конкурсының жеңімпаздарын атады. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – «Халық банкі») «Қаржылық сектордағы ең үздік жылдық есеп» номинациясында Лауреат Дипломына ие болды.

Аталған диплом Халық банкінің Халықаралық қарым-қатынастар департаментінің директоры Скрыль Викторға берілді.

Бизнестің халықаралық бағытына жетекшілік ететін Халық банкі Басқармасы Төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев: «Лондон және Қазақстан қор биржаларының талаптары бойынша құрылған біздің бас қаржылық құжаттың негізіне «Халық» Тобының негізгі жетістіктері қамтылған деген фактіні есепке ала отырып, бұл марапатты алу біз үшін екі есе қуанышты. Бұл тұрғыда, жылдық есеп деген – Халық банкі Тобының үлкен командасына кіретін барлық компаниялардың орасан зор еңбегі нәтижелерінің нағыз квинтэссенциясы болып табылады, - деді, - Осындай конкурстар жылдық есептерді құру және жариялаудағы заманға сай трендерді қадағалуға, бизнестің сол бағытында заманға сай жүруге мүмкіндік береді».

«Ең үздік жылдық есеп» санатында 38 қазақстандық компанияның конкурсқа ұсынылған есептері Агенттіктің әдістемесі бойынша бағаланды. Талдау қорытындылары бойынша құрастырылған үш есептен тұратын шорт-парақ Сараптау қазылар алқасының дауыс беруіне шығарылды, соңғысының құрамына корпоративтік басқару және қаржылық есепті дайындау саласындағы кәсіпқойлар кірді. Нақты осы Сараптау қазылар алқасы Конкурс жеңімпаздарын таңдады. «Дизайн және полиграфия» және «Жылдық есептің интербелсенді нұсқасы» атты санаттарда жеңімпазды дизайн саласындағы сарапшылардан тұратын тәуелсіз қазылар алқасының мүшелері ғана таңдады.

Конкурсқа қатысқан Халық банкінің жылдық есебінің интербелсенді нұсқасы Банктің сайтында ұсынылған: http://halykbank.kz/files/HalykBank_AR2013_kaz_rus_eng.pdf

«Қазақстан Халық Банкі» клиенттер базасы және таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы жетекші қаржы тобы және жетекші бөлік банк болып табылады. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келеді және өзінің бөлік сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнестегі клиенттеріне, корпоративтік клиенттерге қызметтердің кең ауқымын (банк қызметтері, сақтандыру, лизинг, брокерлік қызметтерді және активтерді басқару жөніндегі қызметтерді) ұсынуда. Сонымен бірге Банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асырады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Баспасөз қызметі,

Тел: 259 0816

www.halykbank.kz